

Сан қырлы ғалымның халқымыздың тарихы, археологиясы, этнографиясы, қолданбалы және сәулет өнерінен жазылған энциклопедиялық сипаттағы ғылыми еңбектері де рухани кемелденуімізге мәңгілік азық болып қалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Марғұлан Ә.* Алғашқы өрлеу / Кітапта: Біздің Мұхтар. — Алматы, 1976. — 131-б.
- 2 Ақ Орда. — 1993. — № 1.
- 3 *Досжанов Д.* Абақты. — Алматы, 1992. — 267-б.
- 4 *Мұхаметқанұлы Қ.* Шаһкәрім / Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. — Семей, 2007. — 69-б.
- 5 *Марғұлан Ә.* Жас Абайдың фотобейнесі // Қазақ әдебиеті. — 1970. — 2 қазан.
- 6 *Марғұлан Ә.* Ақын туған орта // Жұлдыз. — 1982. — № 4.

С.Б.Жумагулов

Алкей Хаканович Маргулан

В статье анализируются неповторимые грани научно-исследовательского творчества выдающегося казахского ученого-энциклопедиста, титана отечественной науки Алкея Хаканулы Маргулана. Отражаются новизна и актуальность научных исканий в литературоведении. Также рассматривается духовная преемственность казахской интеллигенции начала XX в.

S.B.Zhumagulov

Alkei Khakanuly Margulan

In the article it is analyzed unique sides of a research creativity of the outstanding Kazakh scientific encyclopedist, the titan of a domestic science of Alkei Hakanuly Margulana. It is reflected novelty and an urgency scientific search in literary criticisms of times binding a thread. As Alash is considered character traits of the scientist in aspect of communication with spiritual continuity the Kazakh intelligency of the beginning of the XX-th century.

ӘОЖ 82.0

С.Б.Жұмағұлов, С.Т.Жүнісов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ұлттық әдебиеттанудағы фарабитану бастаулары

Мақалада ұлттық әдебиеттану ғылымындағы фарабитанудың қалыптасу жолдары жан-жақты қарастырылған. Қазақстан ғалымдарының әлемдік деңгейдегі ұлы ғалымның ауқымды ғылыми мұрасын зерттеу ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар ұлттық әдебиеттанудағы фарабитанудың бастауларына тән ғылыми бағыт анықталды.

Кілтті сөздер: фарабитану, ұлттық әдебиеттану, Әбунасыр әл Фараби, Ақжан Машани, А.Көбесов, XX ғасырдың 60–80-жылдары, Шығыс философтары, фарабитанушылар, Фараби мұрасы.

Қандай да болмасын халықтың ұлттық рухын сақтауда ұлы тұлғалары қорған болып келген және де бола бермек. Халқымызды отарлаудан кейінгі ұлтсыздандыру саясаты, ұлттық әдебиеттің тамырына балта шабу арқылы да көрініс тапты. Қылышынан қан тамған қызыл өкіметтің абсурдтық идеялары, бабалар мұрасы мен заңды мұрагерлерінің табысуына өз кесірін тигізбей қоймады. Алаштың маңдайалды марқасқа ұлдары, қанқұйлы өкіметтің қасабына ұшырамағанда, тек ұлттық әдебиеттану ғылымы ғана емес, барша қазақ ғылым-білімі ертерек қолға алынып ерекше екішелері сөзсіз еді.

Алаш арыстарының пешенесіне жазылмаған миссияны олардың рухтас ізбасарлары бастады. Сеңнің қозғалуына «жылымық жылдарының» әсері мол болғаны белгілі.

XX ғасырдың 60-жылдарында отандық ғалымдардың алдында жауапкершілігі мол үлкен міндет тұрды. Ол — ұлы ғұлама ғалым Әбунасыр әл-Фарабидің өмір тарихын, ғылымның сан-саласына арнаған баға жетпес еңбектерін тауып, зерттеп, жан-жақты саралап, насихаттап сол арқылы ұлттық әдебиеттануда үлкен бетбұрыс жасау болатын.

Тоталитарлық жүйе қысымындағы қазақ әдебиеттануының ғылыми-зерттеушілік өрісінің маркстік-лениндік әдіснама күштеп таңған қалыпты шеңбер аясынан шығып, тың бағытқа бет бұруындағы күрделі белес — жылымық кезең деп аталған 1956–1967 жылдар аралығы [1, 9]. Осы тұсқа дейін қыспақ пен қиянат атаулының бәрін басынан кешірген ұлттық әдебиеттану ғылымы жылымық кезеңінде жіті қимылдап, ұлттық құндылықтарды ұлықтау ісіне бел шеше кірісті.

Адамзат өркениетіндегі қазақ руханиятының биік тұғырын айқындау мен бекітудегі 1960 жылдар басындағы фарабитануда жасалған игі қадам жаңа өреге көтеріле түсті [1, 155].

Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы фарабитану ілімінің негізін қалаушылардың көшбасында ғұлама ғалым Ақжан Машанидың тұрары даусыз. Ұлы ұстаздың өмірі мен шығармашылығын зерттеуде Ақжан Машани табандылық танытып, осы ұлағатты іске қырық жыл ғұмырын арнады. А.Машани әл-Фараби есімін алғаш рет 1943 жылы Чехия Ғылым академиясының президенті, соғыс жылдары Алматыға ығысып келген Шығыс ғылыми мұрасын зерттеуші, білікті ғалым Э.Кольманнан естиді. Ол «Орта ғасыр ғылымы туралы» баяндамасында, Еуропа ғылымы Орта ғасырдағы шығыс, араб елдерінен бастау алғанын айта келіп, әл-Бируни, әл-Хорезми, Насыреддин-Туси, Ұлықбектерді ауызға алғанда, олардан бұрынғы осынау ұлылар ұстаз тұтатын әл-Фараби есімін ерекше атаған-ды.

Бұл жағдай Ақжан Машаниді елең еткізді. Орта Азия ғұламалары қатарында кезіктірмеген соны есім ғой бұл. Рас, бұл есімді естігені бар-ды. Мағжанның «Түркістан» поэмасында:

Түркінің кім білмейді мол мұрасын,

Фараби тоғыз шекті домбрасын, —

деп келетін сиқырлы жолдары бар-тын. «Фараб — Отырар шаһарының ежелгі атауы. Демек Әбу Насыр әл-Фарабидің қазақ халқының перзенті болуы әбден мүмкін. Осы ой А.Машаниді ұлы жаңалықтарға жетеледі. Әл-Фараби еңбектерін алыс-жақын шетелдерден іздеп ғұламаның көптеген мұраларына қол жеткізді.

«Ташкенттен ештеңе таппаған ғалым Азия және Мұсылман қауымдастығының бас мүфтиі, араб тіліне жетік Зиалиддин Бабаханның айтуымен Уфа, Қазан медресе-мешіттерінен баба еңбектерін іздейді. Ғалия медресесінен әл-Фарабидің үш кітабын бірден табады», — дейді профессор Ш.Әбдіраман.

Сөйтіп, Машанидің қолында 1958–1961 жылдары әл-Фарабидің оншақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелері болып еді. Осы орайда Ақжан Машанидің сол кездегі Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті, академик Қ.Сәтбаевқа жазған анықтама-өтініші де әл-Фараби мұрасын зерттеу кезеңінен мағлұмат беретін қызықты тарихи құнды құжат. Хат мазмұны мынадай: «Отырар — Фараб (Түркістан мен Арыс) қаласында руы қыпшақ түркі отбасында дүниеге келген ұлы ғалым әл-Фарабидің қазақ тумасы екені өзіңізге мәлім.

Әл Фарабидің математика, астрономия, география, геология, философия, медицина, музыка тәрізді ғылым мен өнер салаларына арнаған еңбектері жүзден асады.

Бірақ, өкінішке қарай, КСРО-дан оның бірде-бір еңбегін таба алмадық. Көптен бергі ізденістеріміздің барысында біз жуырда кітапханааралық абоненті бойынша Лейденнен (Голландия) үш кітап алдық. Оның ішіндегі екеуі араб тіліндегі әл-Фарабидің өз еңбегі:

1) «Рисала фисус аль-Хақим» («Ғылым маржаны»);

2) «Рисала... аль-Мадина... аль Фабила» («Қала үлгісі»).

Осы кітаптар (1890–1895) профессор Джетерецтің неміс тіліндегі алғы сөзімен шыққан.

Ал үшіншісі — профессор Брунеллдің неміс тіліндегі екі жүз беттік «Әл-Фараби бойынша мемлекетті басқару» (1904) кітабы. *Осы үш кітаптың да ғылыми мәні өте жоғары.* Сондықтан оларды фотосуретке және микрофильмге түсірдік және оларды қазақ, орыс тіліне аудару қажет. Сізден осы жұмысты кітапхана арқылы қаржыландыруға нұсқау беруіңізді өтінеміз.

ҚазССР ҒА корр. мүшесі
ҚазССР ҒА ОҒК директоры

А.Ж.Машанов
Н.Б.Ахметова
15. XI. 1961 ж.» [2, 21].

Айта кетерлігі, Қ.И.Сәтбаев өтініш түскен күні «Келісемін, жүзеге асырылсын!» деп бұрыштама соғап берген екен. Сонымен қатар Қазақстанда фарабитанудың өркендеп-өрістеуіне ұлт көсемі Д.А.Қонаев пен академик Б.Г.Ғафуров оң ықпал етіп, үлкен қамқорлық танытты.

1961 жылғы Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы № 5 санындағы мәліметіне сүйенсек, аталмыш уақытта әл-Фараби хақында ауыз толтырып айтарлық дүниелердің әлі жарыққа шыға қоймағандығына көз жеткіземіз.

«Фарабидің ізімен іс қылған Әбу Әли Сина, әл-Бируни сияқты ғалымдардың еңбегі көптеген том болып шығып отыр. Олар туралы өзбек, тәжік ғалымдары көптеген еңбектер жазды. Фараби жөнінде ондай ешнәрсе жоқ.

Екінші жағынан, Фарабидің туған жері Отырар қаласы Шыңғыстың жорығында қиратылған болса, әлі сол қалпында жатыр. Үстіміздегі жылдан бастап қазба жұмыстарын жүргізу, ескі мұраны зерттеу істері басталмақ. Үшіншіден, дүние жүзіне аты әйгілі ғалым Фарабидің мұрасын зерттеу біздің зор міндетіміз. Енді бірнеше жылдан кейін ұлы ұстаздың туғанына 1100 жыл толады. Соған қарсы осы істер жедел қолға алынғаны жөн» [2, 25].

Бұл кезеңде шығыс философтары «Ал муаллим ас-сани» — екінші ұстаз деп атаған Әбу Насыр әл-Фараби сынды ғұламаның жүріп өткен жолдары мен соңына қалдырған мол мұрасы қызу зерттелу үстінде болатын.

Қазақстанда фарабитанудың өркендеп өрістеуіне ұлт көсемі Д.А.Қонаев пен академик Б.Г.Ғафуров оң ықпал етіп, үлкен қамқорлық танытты.

Бұл тұса түркі дүниесінің құндылықтарын меншіктеп, иеленіп алудан алдына жан салмайтын өзбек ағайындар, Фарабиге келгенде де үнсіз қалмады. Ол әңгімені Машани әл-Бирунидің 1000 жылдық мерейтойы кезінде естиді. «Ақжан-ака, әл-Фараби заманында қазақ-өзбек еншісі бөлінбеген ел еді ғой, енді оны қазақ тумасы деп бөле тартпай-ақ, өзбек халқына да ортақтастыра бермейміз бе?» — дегендерге Машанов: «Түркі тумаларын бөліп жару қазақтан басталған жоқ-тын. Науаи, әл-Бируни, әл-Хорезми туған кездерде де қазақ-өзбек еншісі ортақ емес пе еді? Қазақ жері Отырарда туған әл-Фарабиді ортақ еткілеріңіз келсе, онда өздеріңіз жеріне қарай еншілеп алған өзге даналарды да ортақтастырайық», — деп сұңғылалық танытады.

Қазақ КСР Ғылым академиясының жанынан 1968 жылы құрылған фарабитану тобы атқарған кемел істер арнасы ұлы ғалымның 1100 жылдығының қарсаңында мейлінше өрістеді. Қазақ ғалымдары ұлы ойшылдың мұрасын насихаттау, зерттеу ісінде мейлінше қажыр-қайрат, парасат танытты. Мәселен, 1969 жылы Сирия-Ливан сапарын жасаған А.Машанов Дамаскідегі Баб ас-Сағир зиратында жерленген ұлы ғұламаның зиратын тауып, сан ұрпақтың өтелмеген парызын орындап қайтты [3].

А.Көбесовтың «Біздің ұлы жерлесіміз — Әбу Насыр әл-Фараби», «Орта ғасырдағы қазақ ғалымдары» мақалаларында, Б.Ысқақовтың құрастыруындағы «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX–XIX ғасырлар)» (1964) жинаққа енген зерттеулерде де көне түркі рухани жәдігерліктеріне қазақ әдебиетінің тікелей сабақтастығы зерделенді. Мәселен, аталған жинақтағы ғылыми-танымдық мақалаларда Орта Азия мен Қазақстанның IX–XIX ғасырлардағы әлемдік деңгейдегі ғұламаларының адамзат ғылым-білімін жаңа биікке көтерудегі тарихи қызметі қарастырылды. Атап айтқанда, жоғарыда келтірілген әл-Фарабиге қатысты А.Машановтың, сонымен қатар Мұхаммед Хайдар Дулати туралы Ә.Марғұланның, Қадырғали Жалайыри жайлы Қ.Жүнісбаевтың құнды деректерге толы мақалалары ұлтымыздың рухани әлемінде өшпес із қалдырған тарихи тұлғаларға қатысты жаңа беттерді ашты.

Қазақ ғалымдары ұлы ойшылдың мұрасын насихаттау, зерттеу ісінде мейлінше қажыр-қайрат, парасат танытты. Мәселен, А.Көбесов «Фарабидің қазақ жерінде туып, өмір сүрген ғалым екенін қатты ескеруге тиістіміз. Оның ғылым мен өнерде көтерілген биігі, асқан ойшылдығы, қазақ халқының ертедегі рухани күші мен қабілетінің жалт еткен көрінісі деп орынды мақтаныш етеміз» деген сындарлы пікір білдірген еді.

Фарабитанудағы күрделі еңбектерде ғалымның сан алуан тақырыптардағы мұрасы кеңінен қамтылып, қазақ руханиятымен тығыз бірлікте зерделенеді. Мәселен, А.Машановтың тарихи деректі еңбегінде ғұлама мұрасы, өміріне қатысты тың деректер берілсе, А.Көбесов зерттеуінде даңқты бабамыздың сан-салалы ғылыми ілімі Пифагор, Аристотель, Эвклид, Птоломей, әл-Кинди, Бэкон, өзге де ұлы тұлғалардың еңбектерімен байланыста талданып, әлемдік деңгейдегі маңызы қарастырылды.

Қазақ руханиятының адамзат өркениетіндегі өзіндік тұғырын танытатын фарабитану А.Көбесовтың «Фараби және фарабитану жайлы сөз» («Қ.Ә». — 1968. — 25 мамыр), «Фарабидің

энциклопедиясы» («Білім және еңбек». — 1969. — № 5), «Фараби — көрнекті педагог» («Қазақстан мектебі». — 1970. — № 11), «Фараби мұраларының көздері» («Қ.Ә». — 1972. — 7 сәуір), «Фараби-Диуани-Абай», («Қ.Ә». — 1973. — 6 шілде) Ә.Қоңыратбаевтың «Әбу Насыр әл-Фараби» («Ленин жолы». — 1970. — 16 маус.), «Фараби философиясы туралы бірер сөз» («Лениншіл жас». — 1970. — 23 қырк.), «Фараби және Орта Азия мәдениеті» («Ленин жолы». — 1973. — 22 ақп.), Н.Өсеровтің «Ұлы ғалым мұрасы хақында» («Қ.Ә». — 1970. — 18 қырк., М.Жұмахановтың «Әл-Фарабидің қолжазбасы» («Қ.Ә». — 1971. — 20 тамыз), Қ.Аманкелдиевтің «Мол мұра» («Қ.Ә». — 1971. — 19 қырк.), Н.Төреқұловтың «Мол мұраны игерсек» («Қ.Ә». — 1972. — 4 тамыз), «Ғұлама поэтикасы» («Жұлдыз». — 1975. — № 9), А.Машановтың «Екінші Аристотель» («Жұлдыз». — 1973. — № 9), М.Мырзахметовтың «Ғасырлардан ғасырларға даңқы ұласқан ақыл-ой алыптары» («Қ.Ә». — 1973. — 7 қырк.), Қ.Жарықбаевтың «Әл-Фараби — шығыс психологиясының негізін салушы» («Жұлдыз». — 1973. — № 9), Ә.Жиреншиннің «Фараб ғұламалары» («Қ.Ә». — 1974. — 2 тамыз), Р.Бердібаевтың «Ұлы ойшыл туған жерде» («Қ.Ә». — 1975. — 5 қырк.), А.Нүсіпбековтің «Ғұламаның туған жерге оралуы» мақалаларымен іргесін бекіте түссе, оған Одақ ғалымдарынан Б.Ғафуров «Қымбат мұра», И.Брагинский «Әл-Фарабидің әлеуметтік утопиясы» мақалаларымен ат салысты. Ал қазақтың тұңғыш Ұлттық энциклопедиясының I-томында (1971) ғұлама өмірі, сан салалы ғылыми мұрасы алғаш жүйелі қамтылса, әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» А.Көбесов («Лениншіл жас». — 1970. — № 147–151), 1944 жылы Бейрутта шыққан араб әдебиетшісі, ғалымы Махмуд Аббастың еңбегінде келтірілген Фараби өлеңдері *тұңғыш рет* ана тілімізде А.Нысаналин аудармасымен берілді («Қ.Ә». — 1971. — 7 мамыр). Баба мұрасы қазақ тілінде былай сөйлейді:

*Қашықтасың туған жер-қалың елім,
Небір жүйрік болдырып жарау деген,
Шаршадым мен, қанатым талды менің,
Шаңғыт жолға сарылып қарауменен.*

*Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.*

*Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түңіледі.*

Ә.Дербісәлі фарабитанушылар тарапынан жоғалған деп жорамалданған ғұламаның «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактатын» жариялады («Лениншіл жас». — 1973. — 20 маус.).

Алматыда Қазақ КСР Ғылым академиясы ғалымдары мен Азия-Африка елдері жазушыларының V конференциясына қатысушылардың мәжілісі (1973. — 9 қырк.) әл-Фарабиді еске түсіруге арналды. Онда академик Б.Ғафуров «Әл-Фараби дәуіріндегі Қазақстан мен Орта Азия халықтары» тақырыбындағы баяндамасында философтың көптеген шығармалары тұңғыш рет Қазақстанда аударылып, қазіргі уақытта Алматы Фарабитанудың басты орталығына айналғанын айрықша атап («Қ.Ә». — 1973. — 14 қырк.), қазақ ғалымдарының фарабитанудағы еңбектерін жоғары бағалады. Шындығында әл-Фарабидің қазақ, орыс тілдерінде «Математические трактаты», «Философские трактаты», «Логические трактаты», «Әлеуметтік-этникалық трактаттары» (1972–1975) жарық көруі ұлы ойшыл мұрасын барынша рухани өмірге сіңірудегі тың серпін берсе, 1975 жылы 11–13 қыркүйек аралығында Алматыда ЮНЕСКО көлемінде «Әл-Фараби және Шығыс елдері ғылымы мен мәдениетінің дамуы» тақырыбында ғылыми конференция өткізілді. Соның барысында дүние жүзі ғалымдары «әл-Фарабидің мұрагері шын мағынасында қазақ халқы екенін білді» (А.Машани).

Ұлы тұлғаның адамзат өркениеті мен ұлт руханиятында алатын орны А.Машановтың «Әл-Фараби» (1970), А.Көбесовтың «Әл-Фараби» (1971), Х.Сүйіншәлиевтің «Әл-Фараби — әдебиетші» (1975), Н.Төреқұловтың «Әл-Фарабидің әдеби мұрасы» (1975), М.Бурабаевтың «Аль-Фараби и разные науки и культуры стран Востока» (1975), А.Қасымжановтың Б.Ғафуровпен бірігіп жазған «Аль-Фараби в истории культуры» (1975), С.Сатыбекованың «Гуманизм Аль-Фараби» (1975), А.Таукелеев, Ғ.Сапарғалиевтің «Государственно-правовые взгляды Аль-Фараби» (1976),

Қ.Жарықбаевтың «Әл-Фараби. Библиографиялық көрсеткіш» (1977), Ә.Дербісәлінің «Әл-Фарабидің эстетикасы» (1980), А.Қасымжановтың «Абу Насыр аль-Фараби» (1982) еңбектері арқылы терең зерттеліп, Қазақстандағы соны ілімнің ғылыми негізін бекітті. Ж.Әбділдиннің редакциясымен «Әл-Фарабидің әлеуметтік, этикалық және эстетикалық көзқарасы» (1984) атты зерттеулер жинағы шықты.

Қ.Жарықбаевтың отандық фарабитанудағы тұңғыш библиографиялық еңбегінде ғұлама ғалым туралы 1885–1977 жылдар аралығында КСРО, яғни Қазақстанда, жарияланған жеті жүзге жуық, соның ішінде қазақ тіліндегі үш жүзден астам еңбек қамтылды. Ә.Дербісәлінің «Шыңырау бұлақтар» атты еңбегінде араб, парсы және түркі әдебиеттерінің көне дәстүрлі әдеби байланысының рухани, мәдени арналары тың деректер негізінде алғаш рет жүйелі зерттеу нысанына айналды. «Бұл кітап өзінің тақырыбы, көтерген мәселелері, көрсеткен деректерімен де ерекшеленетін туған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихында мүлде жаңа өріс, жаңа бағыт ашқан еңбек» деп бағалаған Ә.Марғұлан пікірі тұрғысынан келгенде, еңбектің жаңашылдық қыры айқын танылады. Бұл ретте араб әдебиетінің қайнар бастауы іспеттес бәдәуилер поэзиясымен қазақ шайырларының кейбір ортақ сипатының шығармашылық жаңғырықтарын қарастыру осы тақырыптарды барлау десек, әл-Фараби өміріне қатысты дерек көздері де соны ғылыми тұжырымдарымен құнды.

Фарабитанудағы күрделі еңбектерде ұлы ғалымның сан-салалы мұрасы қамтылып, қазақ руханиятымен тығыз бірлікте зерделенді. Мәселен, А.Машановтың тарихи деректі еңбегінде ұлы ғалым мұрасы, өміріне қатысты тың деректер берілсе, А.Көбесов зерттеуінде даңқты бабамыздың сан-салалы ғылыми ілімі Пифагор, Аристотель, Евклид, Птолемей, әл-Кинди, Бэкон өзге де ұлы тұлғалардың еңбектерімен байланыста алынып, әлемдік деңгейдегі маңызы қарастырылды. Ұлы ғұламаның педагогикалық жетістіктері, идеялары кейінгі ғасырларда Шығыс пен Батыстың көптеген көрнекті оқымысты педагогтары мен халық педагогикасы өкілдеріне аса зор игілікті ықпал жасағаны анықталып отыр. Олардың ішінде әл-Бируни, Ибн Сина, Омар Хайям, Насыреддин Туси, Ұлықбек, Әлішер Науаи, Әбдірахман Жами, Роджер Бэкон, Моисей Маймони Ибн Рошд, Жалалиддин Диуани, Абай, тағы басқа ғалым-ағартушылар бар [4].

Фарабидың ұстаздары, Фарабиге дейінгі араб ғылымы, ғұлама мұрасы, ғылым жасау әдісі, энциклопедиясы, Фараби және музыка, Фараби шәкірттері, Фараби және еуропа ғылымы сынды күрделі тақырыптар кеңінен талданған еңбекте Отырар шаһарынан Ғаббас Жауһари, Ысқақ Фараби, Ысмаил Жауһари, Ахмет Фараби сынды көптеген ғалымдар шыққаны анықталды.

Фарабитанудағы жемісті қадамдар қазақ халқына ортақ көне әдебиет нұсқаларын, ежелгі жәдігерлерді де түркітану мәселелерімен тығыз сабақтастықта зерттеу бағытындағы ізденістердің ғылыми және әдіснамалық негізіне айналып, барынша ұштала түсті [1; 157].

Қорыта айтқанда, бүгіндері отандық ғылымның іргелі іліміне айналған фарабитану күрделі белестерден өтті. Ұлы ғұламаның тікелей мұрагері қазақ халқы болып табылатынын дәлелдеуде шешуші қадамдар ХХ ғасырдың 60–80-жылдары жасалған, фарабитануды кейіндері жаңа биікке шығаруда әдебиетші-ғалымдар айрықша үлес қосты. Қазақ жерінің ұлы перзенттерінің бірі Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың асыл мұралары, ұлтымыздың бай рухани әлемін одан әрі асқақтата түсті.

Фарабитану ілімі отандық ғылымның қандай да болмасын саласының басты өзегі болуы керек деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмағұлов С. ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956–1991 жж.): Моногр. — Қарағанды: «Гласир» ЖШС, 2008.
- 2 Ақжан әл-Машани. Әл-Фараби көпірі. — Алматы: «Алатау» баспасы, 2005.
- 3 Машанов А. Тоғыз жолдың торабында. — 2-т. Фараби зираты // Қазақ әдебиеті. — 1969. — 18 қаңт. — 2-б.
- 4 Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. — Алматы: Санат, 2002. — 165-б.

С.Б.Жумагулов, С.Т.Жунисов

Пути становления фарабиведения в национальной литературоведческой науке

В статье всесторонне рассматриваются пути становления фарабиведения в национальной литературоведческой науке. Особое внимание уделяется особенностям исследований казахстанских ученых относительно огромного научного наследия великого ученого мирового масштаба. Также определяется научное направление истоков фарабиведения в национальном литературоведении.

S.B.Zhumagulov, S.T.Zhunisov

Ways of the formation of farabi studies in the national literary studies

The article devotes ways of research of farabiknow science appearing in national literature science. There are researches of Kazakhstan's scientists about works of great scientist on world status have been asked. So scientific course, which like to farabiknow science appearing in national literature have been shown.

ӘОЖ 82(091):821.512.122

С.Б.Жұмағұлов, Д.Жолданова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Хандық дәуір әдебиетіндегі жырау тұлғасы

Мақалада көркем-эстетикалық хандық дәуір әдебиетіндегі жырау бейнесін дамытуды зерттеуге арналған ғылыми-зерттеушілік идеялар қарастырылды. Әдеби-теориялық анықтамаларды қарастыратын, жырау бейнесінің көркем сипатын нақтылайтын зерттеу еңбектері талданды.

Кілтті сөздер: хандық дәуір әдебиеті, жырау тұлғасы, жыраулар поэзиясы, жыраулық мектеп, XV–XVIII ғасырлар, Қазтуған, жыршы, авторлық ауыз әдебиеті.

Тарих қашан да өз перзенттерінің құнды мұраларымен қымбат, әрі барлық кезеңдердің сарапшысы. Ерлігімен еркіндікке құштар күрестерге, батырлығы мен бостандық дегенде жан салмайтын байламдарға, шешендер мен ел тағдырын шешетін сәтте ақыл-парасатымен, дана-сәуегейлігімен өмір шындығын толғап жеткізуші жырауларға толы әдебиетіміз бүгінгі күнге өз жемісін жеткізіп отыр.

Тарих толқынында қазақ әдебиеті үшін жарқын белестерге толы бір кезең — XV–XVIII ғасыр әдебиеті. Алтын Орданың ыдырауымен ноғай, қазақ дербестігін алып бөлініп шықты. Ақ Орданың жеке мемлекет болып қалыптаса басталу тарихында да заман өз қиындығын кездестірді. Бірінші орынға елдікті, қазақ ұлтының біртұтастығын мақсат еткен хандармен бірге, елді басып-жаншуға, өзге елдермен қазына үшін соғыстырып, ел берекесін кетіруге, халықты қалың тобыр деп қана түсінетін қатігез кейбір ел билеушілері де кездесті. Осы бір аға мен іні хандық үшін жауласып, әке мен бала билік үшін араздасып, хан тағы үшін бала әкесін, іні ағасын жұтқызып жіберіп жатқан, хандар билігі жиі-жиі ауысып, ел басына біркелкі заман орнату қиынға соққан кезеңдерде ел қамы үшін, ұлт жаны үшін тарих төріне әдебиеттің бірегей өкілдері жыраулар келген еді.

Көне түркі дәуірінен кейін, XV ғасырдан бастап қазақ ұлтының атымен аталатын төл әдебиеті алға өрлеп, ән-күймен қатар түрлі өнер саласы қайта жанданды. Осы бір кезде тарих тұғырында да, әдебиет әлемінде де елеулі орны бар жыраулар поэзиясы сөз өнерінде өз тұғырын айқындауға батыл қадам жасады. Егер халық «Өнер алды — қызыл тіл» деп есептесе, сол тіл өнерін жете меңгерген, аузын ашса болды көмекейінен күмбірлеп жыр құйыла жөнелетін дарынның жұрт алдында зор беделге ие болуы — заңды құбылыс. Сөз өнерін тек қазақтар ғана емес, қазақ сияқты көшпенді халықтардың барлығының да аса жоғары бағалап, өздерінің ақын-жырауларына бас игенін көреміз. Бұл жайында араб әдебиетінің тарихын жазған профессор Ханна аль-Фахури: «Басқа жұрттың сөзінен